



Жобалау қызметі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

- 1.1. Аталған ереже «Орал «Мақсат» медициналық колледжі» ЖМ білім алушыларының жобалау қызметіндегі мақсаты мен міндетін, мазмұнына қойылатын талаптарды, жобалау жұмыстарын рәсімдеу және ұйымдастыру қызметін анықтайды.
- 1.2. Ереже ҚР «Білім туралы» № 398-V Заңына сәйкес жасалған.
- 1.3. Жобалау қызметі колледждің білім беру үдерісінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Аудиториялық және аудиториядан тыс жүргізіледі.
- 1.4. Жобалау қызметі – оқытушының ұйымдастырумен студенттің жеке орындайтын қызметі. Жобалау әдістері – оқу үдерісін ұйымдастыру технологиясы, білім алушы мәселелерді шешіп, жеке орындайды.
- 1.5. Колледжде жасалатын жобалардың түрлері:
 - 1) пәндік-мазмұндық сала бойынша:
 - шағын жоба,
 - пәнаралық;
 - 2) қатысушылардың саны бойынша:
 - жеке,
 - топтық;
 - 3) қызмет түрі бойынша:
 - ақпараттық,
 - зерттеу,
 - шығармашылық,
 - тәжірибелік;
 - 4) мерзімі бойынша:
 - қысқа мерзімді,
 - орта мерзімді,
 - ұзақ мерзімді.
- 1.6 Білім алушылардың жобалау қызметі тұлғалық дамыту әдістерінің бірі. Жеке зерттеу қабілеттерін дамытуға арналған (ақпаратты жинау және өңдеу, тәжірибе жүргізу, нәтижелерді сараптау).

2. Жобалау қызметінің мақсаты мен міндеттері:

- 2.1 Оқу жобалауының мақсаты – оқу үдерісіне жобалау қызметін енгізу, оған қатысушылардың психологиясын өзгерту, оқытушы мен студенттердің өзара қарым-қатынасы, олардың бірлесе жұмыс атқаруы, алған білімдерін зияткерлік өнімдерін жасау кезінде қолдану, ақпараттық қоғамдағы адамдардың өміріне қажетті ақпараттарды пайдалану, өмір бойы білім алуға бағыттау.



Жобалау қызметі туралы ереже

2.2. Жобалау қызметінің міндеттері:

- Жоспарлауға үйрету (білім алушы мақсатын нақты анықтап, қойылған мақсатқа жету үшін негізгі қадамдарды анықтауы қажет).
- Ақпаратты жинау және өңдеу кезінде жаңашылдықтарды қадыптастыру (білім алушы қажетті ақпаратты таңдап, оны дұрыс қолдану қажет).
- Сараптау қабілетін дамыту (сыни тұрғыдан ойлау және жаңаша ойлау).
- Жобалау бойынша өзіндік жұмыс туралы жазбаша есеп жазуды үйрету (жұмыс жоспарын құру, ақпаратты таныстыру, библиография туралы түсінік қалыптастыру).
- Жұмысқа деген позитивті көзқарасты қалыптастыру (білім алушы өз тарапынан ұсыныстар жасап, жұмыс жоспарына сәйкес белгіленген уақытта жұмысты аяқтауға тырысу керек).
- Шығармашылық жобалауға оқу үдерісіне қатысушы барлық тұлғаларды – оқытушыларды, білім алушыларды, шығармашылық топ өкілдерін тарту.
- Жобалау қызметіндегі тақырыптық зерттеу саласын кеңейту және жетілдіру;
электронды жобаларды жетілдіру; шығармашылық жобалаудың жаңа бағыттары мен формаларын іздестіру.
- Педагогтар мен студенттер жасаған жобалық жұмыстарды тәжірибе жүзінде қолдану, педагогтарға материалдық және моральдық қолдау көрсету жүйесін жасақтау.

3. Жобалау қызметінің мазмұны мен оны ұйымдастыру

- 3.1. Оқу жобалау қызметі факультатив түрінде өтеді. Аталған әдісті оқытушылар мен студенттер өздері дамытудағы қажеттіліктері мен білім алу мақсаттарына сай қолданады.
- 3.2. Жоба жетекшісі нақты жобаны бақылайтын оқытушы болып табылады.
- 3.3. Жоба тақырыбын оқытушы да, студент те ұсына алады. Студенттің ұсынған тақырыбын оқытушы қолдауы қажет.
- 3.4. Жоба топтық және жеке болуы мүмкін.
- 3.5. Жоба пәндік және пәнаралық бағытта жазылады.
- 3.6. Жобалық тапсырмалар нақты дайындалған, мақсаты мен бөлінетін қаражаты қарастырлған, білім алушылармен бірге бағдарламасы дайындалуы керек.
- 3.7. Жобамен жұмыс жасау кезеңдері:
 - тақырып іздеу, жобаның типологиясы, оқытушымен бірге жобамен жұмыс жасау үшін дайындалған күнтізбелік жұмыс жоспары, жобаға қатысушыларды анықтау;
 - жобамен жұмыс, реферат түрінде жазбаша есеп дайындау;
 - жобаны көпшілік алдында қорғау
- 3.8. Жеке орындалған жобаның нәтижесін көрсетеді:



Жобалау қызметі туралы ереже

- жоба және зерттеу жұмыстарын жоспарлау және жүзеге асыру;
- өмірлік құндылықтар мен жоспарларды қолдана отырып, қол жеткізген нәтижелерді көрсету;
- жоспарлау негізінде өз қызметін жүзеге асыру, бақылау және түзету;
- мақсатқа жету үшін қолжетімді көздерді қолдану;
- қиын кездерде құрастырмалы жоспарларды таңдау;
- қоғамға қажетті, сұранысқа ие қызмет түрлерінен өнімдерді жасау;
- жеке жобаны орындау мен жоспарлау үшін алған білімдерін, жан-жақты ақпараттарды қолдана білу.

4. Жобалық жұмысты рәсімдеу

- 4.1. Келесі жұмыстардың әрбір түрі жобалық жұмыстың нәтижесі болады:
- жазбаша жұмыс (эссе, сараптамалық материалдар, жүргізілген зерттеулер туралы есептер, баяндамалар және т.б.);
 - компьютерлік анимация түрінде ұсынылған шығармашылық жұмыс және т.б.;
 - материалдық нысан, макет, құрастырмалы заттар;
 - әлеуметтік жоба бойынша есептік материалдар (мәтін, мультимедиялық өнімдер).
- 4.2. Қорғауға ұсынылатын жобаға міндетті түрде қажет:
- жобалау қызметі бойынша қорғауға ұсынылатын өнім;
 - басып шығарылған құжат.
- 4.3. Басып шығарылған жоба түрі келесі элементтер болуы қажет (Б қосымшасы):
- Бастапқы бет (бастапқы бетінде жобаның түрі көрсетіледі)
 - Тақырыбы
 - Кіріспе. Кіріспеде жобаның өзектілігі, маңыздылығы, мақсаты, міндеті, орындалу мерзімі көрініс табады. Кіріспенің көлемі – 1,5- 2 бет.
 - Негізгі бөлім. Негізгі бөлімде тақырып бойынша ақпарат және орындалған жұмыстар туралы жазылады.
 - Қорытынды. Бұл бөлімде жұмыстың қорытындысы жазылады.
 - Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.
 - Қосымша (презентация, көрнекілік, сценарий, фотосуреттер және т.б.).
- 4.4. Жоба өнімі эстетикалық нормаларға сәйкес рәсімделеді.
- 4.5. Жобаның қағазға шығарылған нұсқасы төмендегі талаптарға сай жазылады:
- Негізгі мәтін: Шрифт Times New Roman, шрифт көлемі – 14, аралық интервал – 1,5.
 - Тақырып: Шрифт Times New Roman, шрифт көлемі – 14.



Жобалау қызметі туралы ереже

- Беттің өлшемдері: жоғарғы жағы – 2 см, төменгі жағы -2 см, сол жағы– 3 см, оң жағы – 1,5 см.
- Азат жол – 1,25.
- Беттің реттілігі: шрифт Times New Roman, шрифт көлемі – 14.
- Суреттердің безендірілуі: Сурет ортасында орналасады. Сурет астындағы жазулар шрифт Times New Roman, шрифт көлемі – 12.
-

1-сурет. – Суреттің атауы

- Кестелерді безендіру. Кестенің тақырыбы: шрифт Times New Roman, шрифт көлемі – 12, оң жағында орналасады. Кесте ішіндегі мәтін: шрифт Times New Roman, 12, аралық интервал 1,0. Тараулардың безендірілуі Times New Roman, 12 п.

4.6. Барлық жұмыстарға қойылатын ортақ талаптар: түрлі ақпарат көздерін, сілтемелерді дұрыс қолдану. Егер жұмыс көшірілген (плагиат) болса, сілтемелер көрсетілмесе, қорғауға жіберілмейді.

5. Жоба жұмысын қорғау

5.1. Жоба жұмысына қатысушылардың еркіне байланысты оның нәтижесі келесідей қорғалады:

- сабақ кезінде жауап беру;
- көпшілік алдында қорғау;
- оқу пәні аяқталған соң, аттестаттау кезінде қорғау.

5.2. Рефератты қорғау:

- реферат авторының (авторларының) қорғауы (5-7 минут);
- қойылған сұрақтарға жауап беру.

6. Жобаны бағалау өлшемдері

6.1. Жобалау қызметінің қорытындысын бағалау өлшемдері:

- жобаның маңыздылығы мен өзектілігі,
- жасалған жобаның деңгейі (жоба мазмұнының толықтығы, материалды дұрыс жеткізу),
- ақпаратты нақты құрылымдау,
- ақпарат көздерінің алуан түрлілігі,
- тақырыпқа жоба жұмысының мақсаты мен міндетінің сай келуі,
- мәселені шешу жолдары, жобаның практикалық және интеллектуалдық құндылығы (жобамен шығармашылық тұрғыда жұмыстану),
- өзге салалар бойынша алған білімдерін қолдану,
- жобаны дайындау және жүзеге асыруға атсалысу,
- жазба бөлігіне қойылатын талаптарға сай болуы,
- презентацияның сапасы (жобаны сенімді жеткізу),



Жобалау қызметі туралы ереже

– жоба жұмысының эстетикалық тұрғыдан безендірілуі.

Колледждің Әдістемелік кеңес отырысында қаралды
№ 2 хаттама, 19.10.2017 ж.

А ҚОСЫМШАСЫ

Жобаның түрлері және олардың сипаттамасы

Сипаттама Жоба	Мақсаты	Нәтижесі	Құрылымы	Жобалау қызметі өнімінің формасы	Презентация формасы
Практикалық бағытталған	Жоба қатысушылары немесе тапсырыс берушілердің қызығушылығы бойынша әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған	Топтың, колледждің, қаланың, мемлекеттің өмірінде қолдануға болатын нақты нәтиже көзделген	<ul style="list-style-type: none">• Жағдайды жоба алды сараптау;• Жоба тақырыбын, мәселесін, болжамын құрастыру• Жұмыс жоспарын құрау;• Жеке және топтық жұмыстарды кезең бойынша талқылау және түзету;• Жобаны дайындау және безендіру;• Қол жеткізген нәтижелерді көрсету және презентация жасау.	Көрме Газет, журнал Кабинетті, холды безендіру.	Мультимедиялық өнім; Оқу құралы Web-сайт Атлас, карта Видеофильм және т.б.
Зерттеу	Оқу, зерттеу жанашылдықтарын қалыптастыру	Зерттеу жұмысының басынан бастап нәтижесі анық емес, сондықтан шығармашалық дайындық	<ul style="list-style-type: none">• Зерттеу тақырыбына сай өзектілік;• Зерттеудің мақсаты мен мәселесін бөліп қарастыру;• Зерттеудің болжамын қалыптастыру;	Әлеуметтік сауалнаманың сараптамасы БАҚда жариялау Web-сайт	Видеофильмді көрсету Ғылыми конференция және т.б.



Жобалау қызметі туралы ереже

		керек	• Қол жеткізген нәтижелерді талдау, сараптау.		
Ақпараттық	Ақпарат жинау. Кең аудиторияға арнап оны таныстыту, сараптау.	Қызметтің нәтижесі басынан бастап нақты белгілі. Топтың, колледждің, қаланың, мемлекеттің өмірінде қолданылуы мүмкін.	<ul style="list-style-type: none">• Мақсаты;• Өзектілігі;• Ақпарат көздері;• сараптама, салыстыру;• нақты қорытындыла• талқылау.	Видеофильм Газет, журнал Мультимедиялық өнім Web-сайт және т.б.	Іскерлік ойын Видеофильмді таныстыру Ғылыми конференция Ғылыми баяндама Жарнама Стенд Буклет
Шығармашылық	Тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту	Жоба біткенше ашық болады.	Қатысушылардың бірлескен жұмыс құрылымы.	Модель, Видеофильм, Көрме, Ойын.	Іскерлік ойын Жарнама, стенд, буклет.



Б ҚОСЫМШАСЫ

Жобаны рәсімдеу үлгісі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ**

«Орал «Мақсат» медициналық колледжі» ЖМ

АҚПАРАТТЫҚ ЖОБА

Тақырыбы:

«Тамақ өнімдерінің экологиялық қауіпсіздігіне
қойылатын заманауи талаптар»

Орындаған:

студент _____

тобы _____

мамандығы _____

Жоба жетекшісі:

Оқытушы



Орал– 2017

ТАҚЫРЫБЫ

Кіріспе	беті
Негізгі бөлім	беті
Қорытынды	беті
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	беті
Қосымша	



Жобалау қызметі туралы ереже

Кіріспе

Мәселенің сипаттамасы. Тақырыптың өзектілігі

Жобаның мақсаты -

Материалдық ресурстар:



Жобалау қызметі туралы ереже

Жобаны жүзеге асыру мерзімі -

В ҚОСЫМШАСЫ

Жобаны бағалау бланкісі

Студенттің А.Т.Ә

Тобы _____ Мамандығы

Жобаның тақырыбы

Жобаның түрі

Бағалау өлшемдері	Балл (0-5 балл)
Жобаның маңыздылығы мен өзектілігі	
Жоба орындалуының деңгейі (жоба мазмұнының толықтығы, материал тақырыбын нақты жеткізу)	
Ақпаратты нақты құрылымдау	
Ақпарат көздерінің алуан түрлілігі	
Тақырып пен жоба мазмұнының сай болуы	
Мәселені шешу жолдары, жобаның практикалық және интеллектуалдық құндылығы (жобамен шығармашылық тұрғыда жұмыстану)	
Жобаны дайындау және жүзеге асыруға атсалысу	



Жобалау қызметі туралы ереже

Жазба бөлігіне қойылатын талаптарға сай болуы	
Презентацияның сапасы (жобаны сенімді жеткізу)	
Жоба жұмысының эстетикалық тұрғыдан безендірілуі.	
Балл жиынтығы	

Жобаны қорғау күні «_____» _____ 20__ ж

Қорытынды баға

Жоба жетекшісі _____ / Т.А.Ә. /

Жобаға арналған тақырыптардың үлгісі

Сыралық ішкілік.

Психобелсенді заттар туралы ата-аналар не білуі тиіс.

Энергетикалық сусындар – барлық шындық.

Жасөспірімдік жүктілік.

Сізде сәби болады.

Ақылмен арықтаймыз.

Емізудің пайдасы.

Семіздік, аурудың негізгі факторы.

Стресстік жағдайдың денсаулыққа әсері.

Антисклеротиптік диета.

Гендік модификацияланған өнімдер туралы бар шындық.

Көру жүктемесін алдын алу.

Қоғамның денсаулығын сақтау жолдары.

Компьютерлік ойындар және оның адам ағзасына әсері.

Қалада экологиялық мәселелердің туындау себебі.

Энергетикалық ресурстар және оларды қолдану мәселелері.



Жобалау қызметі туралы ереже

Биосферадағы ғаламдық өзгерістердің қатері.

Ақпараттық іздеу жүйесі.

Электронды кітапхана.

Миокарда инфаркті кезінде жедел жәрдем көрсету барысындағы фельдшердің рөлі.

Жіті коронарлы синдром диагнозы бар науқасқа дифференциалды диагностика жасау ерекшелігі.

ЖИТС шалдығу қаупі.

Keуде қуысы органдары жарақаты кезінде шұғыл көмек көрсету ерекшеліктері.

Шала туылған нәрсетелерді қарау кезіндегі медбикелердің кәсіби қызметі.

Ақпараттандыру бойынша медбикелердің қызметі.

Денсаулық мектебін өткізу кезіндегі медбикелердің рөлі.

Дәріхана үлгісінде ішкі дәріханалық бақылау түрлері.

Дәріхана үлгісінде көзге арналған дәрілік заттарды дайындау.

Асқынуға қарсы дәрілік заттарды сату маркетингін зерттеу

Фармацевтикалық құрамды сараптау.

Рецепторлық бланкі түрлері.

Дәріхана үлгісінде фармацевт жұмысын ұйымдастыру.

Белгілі дәрі дәрмектер және олардың көшірмесі.

Әлеуметтік-профилактикалық жоба: Жасөспірімдер мен жастар арасында нашақорлыққа қарсы жұмыс формалары

Әлеуметтік жоба: техникалық және кәсіби колледж білім алушылары арасында суицидті алдын алу

Медбикелердің стресске қарсы деңгейлерін зерттеу.



Жобалау қызметі туралы ереже
